



Әбдіғалиева Гүлжан Қанайқызы, философия ғылымдарының докторы, профессор. Философия және саясаттану факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Ғылыми қызығушылықтарының аясы: саяси және рухани модернизация, саяси мәдениет және саяси идеологиялар, демократия теориясы мен тәжірибесі, мемлекеттік саясат.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Саяси зерттеулер ақпараттық орталығының директоры. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде саясаттану бойынша ЖАОК авторы. «Қазақстанның ашық университеті» порталында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы бойынша дайындалған видеокурстары бар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.



Әмірбеков Шәріпбек Ағабайұлы, саяси ғылымдарының докторы, профессор. Ғылыми қызығушылықтарының аясы: саяси жүйелер мен режимдер, мемлекеттік басқару, қоғамдық сектор менеджменті, сайлау технологиялары.

Университеттің оқу бөлімінің меңгерушісі, философия және саясаттану факультетінің деканы, тарих факультетінің деканы, университеттің тілдер және тәрбие ісі жөніндегі проректоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кәсіподақ комитеті төрағасы қызметтерін атқарған тәжірибесі бар. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыру және кадр жұмысы департаменті директоры, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры болды. Қазіргі уақытта Т.К.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның оқу және әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Құрмет» орденімен, «Білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапатталған.



Алияров Есенжол Қаниұлы, саяси ғылымдарының докторы, профессор. Ғылыми қызығушылықтарының аясы: мемлекеттік және ақпараттық саясат, ұлттық қауіпсіздік. Қазақстандық гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының жетекшісі.

Профессор Е.Қ.Алияровтың ғылыми қызметінің нәтижелері көптеген басылымдарда жарияланды. Олардың ішінде «Жаһандану жағдайындағы Қазақстан Республикасының ақпараттық саясаты» монографиясы, «БАҚ және саясат» оқу құралы, бірлесіп жазған

кітаптары – «Молотов коктейлі. Қазақстан жастарының анатомиясы» және «Қазақстан комсомолының бірінші басшылары», «Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін жетілдіру және академик С.С.Сартаевтың құқықтық мемлекеттің қалыптасуына қосқан үлесі» атты еңбектері бар.

Марапаттары: «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медалі, «Қоғамдық мойындау» Ұлттық сыйлығы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығы мерейтойлық медалі, ҚР БҒМ «Ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі.



Абжаппарова Айгүл Әбдімүтәліпқызы, PhD, доцент м.а., «Болашақ» халықаралық стипендиясының түлегі.

Ғылыми қызығушылықтар аясы: саяси маркетинг, саяси менеджмент, медиа саясат, ақпараттық саясат, жаһандану. Кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары.



Зайниева Лилия Юсуповна, тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдарының докторы, саясаттану профессоры, ХАА академигі.

Ғылыми қызығушылық аясы: жастарды дамыту және жастар саясаты. 250 ғылыми және оқу-әдістемелік жарияланымдары бар. Оның ішінде: «Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында» монографиясы.

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» және «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» Бірлік» ҚХА алтын медалі, «Қазақстан Халық Ассамблеясы 20 жыл», «Еңбек Ардагері», А.Байтұрсынов атындағы «Ерен еңбегі үшін» төс белгілерінің иегері.



Мұсатаев Сейілбек Шаяхметұлы, саяси ғылымдарының докторы, доцент. Ғылыми қызығушылық аясы: қазіргі геосаяси мәселелер, посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық процестер, Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері мен ұлттық қауіпсіздігі. «Саясаттану» пәні бойынша ЖАОК авторы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Ғылыми-педагогикалық жұмысын журналистикамен ұштастырған. «Ақиқат», «Туған тіл» журналдарында мақалалары жарияланып тұрады. Факультет пен кафедрада белсенді қоғамдық қызмет атқарады. ҚХР Іле педагогикалық университетінің құрметті профессоры (Құлжа, ҚХР). ҚХР Іле педагогикалық университетінің еңбек сіңірген профессоры (Гулжа, Қытай Халық Республикасы). Үрімші экономика университетінде, Іле

педагогикалық университетінде, Ганьсу халықаралық құқық және саясат институтында өткен түрлі ғылыми конференцияларға қатысып, студенттерге Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының өзекті мәселелері бойынша баяндамалар жасап, дәрістер оқыды. «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен ЕАЭО арасындағы ынтымақтастық туралы монографияның авторы. Ол «ЕАЭО-ның жаңа өңірлік бірлестік ретінде даму перспективалары» ғылыми жобасын басқарды.

Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгісінің иегері.



Інкәрбаев Есенай Тұрғанбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, доцент. Ғылыми қызығушылық аясы: әлемдік саяси процесс, интеграциялық процестер, Саяси тарих, партиялар мен партиялық жүйе, ұлттық мүдделер. «Саясаттану» оқу құралының бірлескен авторы. «Ерен Еңбегі үшін» ҚазҰУ медалімен марапатталған.

2001-2006 ж.ж. Қазақстан даму институтының вице-президенті, «Sayasat Policy» ақпараттық-талдау журналының редакциялық алқасының мүшесі, «Еуразиялық қоғамдастық: қоғам, саясат, мәдениет» журналының бас редакторы болды.



Исмуханова Гульнара Геннадьевна, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, ғылыми қызығушылықтар саласы – әлеуметтік жанжалдар, құндылықтар, жоғары білім реформасы; 1993 жылдан білім грантының иегері және ғылыми халықаралық гранттардың жетекшісі. «Қазақстандағы әлеуметтік жанжалдарды институционализациялау: спиральді динамиканың интегралдық технологиясы негізінде құндылықтарды трансформациялау арқылы жанжалдарды басқару» жобасының МФ авторы, бұл жоба жанжалдарды басқару тетіктерін құруға және елдің «құндылықтар штрих-кодын» алуға бағытталған.

«Қазақстандағы жоғары білім сапасын мониторингілеуге, талдауға және бағалауға жүйелі тәсіл» жобасы қатысушы; 70 ғылыми жарияланымның авторы; кәсіби медиатор және командалық жаттықтырушы; «Мемлекеттік басқару және қоғамдық қауіпсіздік» білім беру бағдарламасын әзірлеушілердің бірі.



Ким Людмила Михайловна, философия ғылымдарының кандидаты, доцент. Ғылыми қызығушылықтарының аясы: меметика, кратология, агрессивті мінез-құлық феномені, саяси имиджология, саяси PR, саяси маркетинг.

Әр уақытта факультеттің әдістемелік бюросының төрайымы, кафедра меңгерушісінің ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бітірушілер біліктілігінің құзыреттілік моделі, ACQUIN бағдарламаларын аккредиттеу бойынша жұмыс тобының мүшесі болды. «Саяси кратология», «Саяси маркетинг», «Саяси имиджология» оқулықтарының авторы.



Рахымбекова Бақыт Қуанышбекқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы. Ғылыми қызығушылықтар шеңбері: саяси ілімдер тарихы, қазіргі діни-саяси экстремизм мен терроризм мәселелері.

«East in World Politics» оқу құралының авторы, ҚР БҒМ «Қазақ халқының тарихы» («Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» (1 т.) оқулығының редакциялық алқасының бірлескен авторы және мүшесі. «Қазақстандық жастардың саяси мәдениетін қалыптастыру», «Қазақстаннан білім беру миграциясы: факторлар, тенденциялар, әлеуметтік-саяси салдарлары», «Қазақстандағы наразылық әлеуеті: ерекшеліктері, факторлары мен трендтері» ғылыми жобалары шеңберінде зерттеулер жүргізді.

ҚР Тұңғыш Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының стипендиаты ретінде 2013-2014 жылдары Брунел университетінде (Лондон, Ұлыбритания) «Оқытудың инновациялық технологиялары және білім беру бағдарламасын жетілдіру» бағдарламасы бойынша тағылымдамадан сәтті өтті. «Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» гранты мен атағының иегері болып табылады.

Рахымбекова Б.Қ. ҚР БҒМ Болон процесі орталығының сарапшысы ретінде ҚР БҒМ жұмыс комиссияларына қатысады; докторантураға түсу емтихандарының жаңа форматын әзірлеу бойынша ҚР БҒМ жұмыс тобының қатысушысы.

PhD докторантураның білім беру бағдарламаларының үйлестірушісі, әлеуметтік ғылымдар жөніндегі Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мүшесі болды.



Сайтова Нина Алексеевна, ҚазҰУ доценті. Қазақстандағы саяси ғылымдардың қалыптасуының бастауында тұрды, еліміздегі саясаттанудың алғашқы мемлекеттік стандарттарын әзірлеушілердің бірі болды. Философия және саясаттану факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, университеттің оқу-әдістемелік

бөлімінің әдістемелік бөлімінің меңгерушісі, факультеттің әдістемелік бюросының төрайымы, университеттің ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі қызметтерін атқарды.

«Саясаттану» мамандығы бойынша жаңа білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, үлгілік және негізгі оқу бағдарламаларын, пәндер каталогтарын және басқа да оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеушілердің бірі болып табылады, магистратураны ашу үшін қажетті оқу-әдістемелік базаны дайындады, факультеттегі СМЖ үшін жауапты магистратураның білім беру бағдарламаларының үйлестірушісі, «ПОЛИТОЛОГ» студенттік пікірталас клубының жетекшісі, Ғылыми кеңестің мүшесі.

Ғылыми қызығушылықтарының аясы: Қазақстанның демократиялық даму жағдайындағы жеке тұлғаның саяси мәдениетінің мәселелері, саяси жүйелер мен режимдер, саясаттанудағы зерттеу әдістері, қоғамдық-саяси пәндерді оқыту әдістемесі. 100-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік жарияланымдардың авторы, 2 монография, 4 оқулық және 3 оқу-әдістемелік құралдары, қазақстандық саясаттану энциклопедиясы, саясаттану бойынша 5 әдістемелік ұсынымдардың және т.б. бірлескен авторы. «7M031 – Магистратура. Әлеуметтік ғылымдар бағыты бойынша бітірушілер біліктілігінің құзыреттілік моделі» бойынша авторлық куәлік иесі.

«Білім беру ісінің құрметті қызметкері», ҚазҰУ «Ерен Еңбегі үшін» төсбелгілерімен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған мерейтойлық медальмен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Алғыс хат, «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы» атағы, бірнеше рет университет ректорының алғысымен, университет пен факультеттің сертификаттарымен бірнеше мәрте марапатталған.




Сейсебаева Райхан Бексұлтанқызы, саяси ғылымдарының кандидаты.

Ғылыми қызығушылықтар саласы – саяси тәуекелдер, саяси тұрақтылық, мемлекеттік-әкімшілік жүйелер. Әр жылдары М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің теориялық және қолданбалы саясаттану кафедрасында, «Democracy & Diversity Summer Institute» (Польша) трансөңірлік демократиялық оқыту орталығында, «Change Management: Educational program Management, innovative Approach to Teaching and Learning» Швейцария университетінде біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2013-2014 жылдары «Болашақ» президенттік стипендиясы бойынша, Брунел университетінде (Лондон, Ұлыбритания) ғылыми тағылымдамадан өтті. Өмірдегі басты ұстанымы – өзін-өзі жетілдіру, кәсіби және тұлғалық өсу. Оны 30-ға жуық жарияланымдар, IELTS, Wileyline Library, «Coursera» және т.б. сертификаттар куәландырады.

2023 жылы Цукуба университетінде (Жапония) қазақстандық жастардың жаһандық және жергілікті бірегейлікті қабылдауы: постколониалдық дискурс тақырыбында дәріс оқыды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы» журналының редакциялық алқасының мүшесі. «Ерен Еңбегі үшін» ҚазҰУ медалімен, ҚазҰУ ректорының Құрмет грамотасымен марапатталған.



Халикова Шахназа Бақытжанқызы – PhD, «Саясаттану» бойынша бакалавриаттағы білім беру бағдарламасының үйлестірушісі. Ғылыми қызығушылықтар аясы: мемлекеттік басқару, саяси процестер, мемлекеттік саясат, әкімшілік қызмет, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі.

Бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі авторлар ұжымдарының мүшесі, сондай-ақ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Саясаттану» секциясы бойынша оқу-әдістемелік комиссиясының мүшесі. «Political diplomasy» оқу құралының авторы.



Қилыбаева Шұғыла Ерікқазықызы - PhD, саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының аға оқытушысы. Ғылыми қызығушылықтар шеңбері: демократия, авторитарлық режимдер, қоғамдық қозғалыстар және саяси белсенділік. Қазіргі уақытта Еуропалық Одақтың жобаларына Эстонияның Таллин технология университетінде Мария Склодовская-Кюри стипендиясының зерттеушісі ретінде қатысуда.



Смағұлов Қадыржан Есенғалиұлы, PhD, қауымдастырылған профессор, «ЖОО үздік оқытушысы – 2017», жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия және «Болашақ» стипендиясының иегері. Ғылыми қызығушылықтар аясы: геосаясат, халықаралық қақтығыстар, сыртқы саясат және ұлттық қауіпсіздік.

ҚР БҒМ жас ғалымдарын «Ғылымметриялық талдау негізінде Қазақстанның жоғары оқу орындарының зияткерлік капиталын бағалау және оларды зерттеу университеттеріне айналдыру жолдары» гранттық қаржыландыру шеңберінде ғылыми жобаның жетекшісі және бірқатар ғылыми жобалардың орындаушысы болды. 150-ден астам жарияланымдары бар. Қазіргі таңда «Болашақ» бағдарламасы бойынша Печтік университетте, Венгрия, «Халықаралық саясат» мамандығы бойынша білім алуда.



Бузуртанова Марем Магометовна – аға оқытушы. Ғылыми қызығушылықтар аясы: азаматтық қоғам мәселелері, халықаралық ұйымдар, адам құқықтары. Лондон университетінің ғылым магистрі «Адам құқықтарын зерттеу және сақтау» (Understanding and Safing Human Rights, School of Advanced Studies, UoL) және Қазақстан-Герман университетінің әлеуметтік және саяси ғылымдар факультетінің магистрі.



Шыңғысбаев Лескен Сейдіғалымұлы – аға оқытушы, тарих магистрі. Ғылыми қызығушылықтар аясы: этносаясат, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық, конфессияаралық қатынастар, қазіргі заманғы діни-саяси экстремизм және терроризм мәселелері. Университеттің қоғамдық және тәрбие жұмыстарына белсене қатысады, саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының аға куратор-эдвайзері қызметін атқарады. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерейтойлық медалімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Алматы қаласы әкімінің, Алматы қ. Жастар саясаты басқармасының, Алматы қ. Дін істері басқармасының Алғыс хаттарымен және грамоталарымен марапатталған.



Ахмағанбетов Руслан Мұханбетқалиұлы – аға оқытушы, «Саясаттану» мамандығы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі. Ғылыми қызығушылықтар аясы: демократия, демография, саяси этика, конфликтология. «Саяси этика», «Алаштан асқан Кеменгер Әбіш», «Демография және саясат», «Алаш демократиясы» т.б. бірнеше еңбектер мен оқу құралдарының авторы.



Басығариева Жұлдыз Аманқұлқызы – аға оқытушы, «Саясаттану» мамандығы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі. Ғылыми қызығушылықтар аясы: саяси имиджология, саяси PR, саяси психология. Кафедра меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.



Жүнісова Айгерім Қайратқызы – оқытушы, «Саясаттану» мамандығы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі. Ғылыми қызығушылықтар аясы: саяси құндылықтар, саяси сана, коммуникациялар және БАҚ.

«Қазақстаннан білім миграциясы: тенденциялар, факторлар және әлеуметтік-саяси салдарлары» және «Қазақстандағы наразылық әлеуеті: ерекшеліктері, факторлары және тенденциялары» ғылыми жобаларының қатысушысы. 2023 жылы «Қазақстан: даму мәселелері мен шешу жолдары» бағдарламасы бойынша зерттеулері үшін ҚСЗИ грантының иегері атанды.